

"Ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Қостанай қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 3 қаңтардағы N 3 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 6 мамырдағы N 1129 қаулысы. Қостанай облысы Қостанай қаласы әділет басқармасында 2008 жылғы 28 мамырда N 9-1-104 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 13 қаңтардағы № 42 қаулысымен

Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2009 жылғы 13 қаңтардағы № 42 қаулысымен

Жұмыстар көлемінің арттырылуына байланысты, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7, 20-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысына сәйкес, Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Қостанай қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 3 қаңтардағы N 3 (тіркеу нөмірі 9-1-97, 2008 жылғы 05 ақпандағы N 9 "Қостанай" газеті) қаулысына келесі толықтырулар енгізілсін:

қосымшаға сәйкес, қаулыға қоса беріліп отырған жұмыссыздар үшін ұйымдастырылатын қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдері, кәсіпорындар тізбесі 16, 17, 18-жолдармен толықтырылсын.

2. "Ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Қостанай қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 3 қаңтардағы N 3 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қостанай қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 11 сәуірдегі N 904 қаулысының күші жойылсын.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қостанай қаласы әкімінің орынбасары М.Қ. Жүндібаевқа жүктелсін.

Әкім

Әкімдік мүшелері

КЕЛІСІЛГЕН

Жұмыссыздар үшін ұйымдастырылатын қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдері, кәсіпорындардың тізбесі

N	Ұйымның атауы	Жұмыс пен қызметтің түрлері	Орындалатын жұмыс пен қызметтің көлемі:	
			нақты көрсеткіштерде	адам күні
1	2	3	4	5
16	Қостанай қаласы әкімдігінің "Стикс" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	" Көшелер мен жалпы пайдалану жерлерін үнемі жинау	75000 шаршы метр	1950
17	"АБЗ плюс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Жолдар мен тротуарларды ағымдағы күтіп ұстау, үнемі және мезгілімен жинау Жол жиегіндегі бөлігін үнемі, мезгілімен, қолмен жинау Жол жиегіндегі тасты үнемі, мезгілімен, қолмен ақтау Автокөлікке тиіп, көгалдарды қоқыстан, жапырақтан және бұталардан үнемі және мезгілімен жинау	10728 кума метр 2556 кума метр 9198 шаршы метр 102 тонна	10920
18	"Жасыл Ел-К" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Энергетиков, Абай, Гашек, Волинов, Ворошилов көшелерін ағымдағы күтіп ұстау Көшелерді, тротуарларды, аялдамалар мен сауыттарды үнемі қолмен жинау Қоқысты үнемі қолмен жинау Қоқысты үнемі қолмен тиеу Жол жиегіндегі тасты үнемі қолмен тазалау және ақтау	72000 шаршы метр 72000 шаршы метр 200 тонна 30000 кума метр	9800